

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 281 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 шілдеде № 4687 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Шу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Zhambyl Minerals" (Жамбыл Минералз) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жамбыл облысы, Шу ауданында орналасқан Аққұдық учаскесінде пайдалы қазбалар қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2022 жылдың 19 наурызға дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Zhambyl Minerals" (Жамбыл Минералз) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер пайдаланушыларға қауымдық сервитут белгілеуден келтірілген шығынды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және пайдалы қазбалар қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. "Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Балқыбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысы*

*Шу ауданы әкімінің орынбасары*

*Н. Жаксыбаев*

Шу ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 17 шілдесі  
№ 281 қаулығы қосымша

**"Zhambyl Minerals" (Жамбыл Минералз) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Аққұдық учаскесінде пайдалы қазбалар қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін қауымдық сервитут белгілеуге берілген жерлердің Экспликациясы**

№	Ж е р учаскесінің орналасқан жері	Жалпы көлемі, (гектар)	Оның ішінде						
			Барлығы егістік (гектар)	оның ішінде суармалы егістік (гектар)	К ө п жылдық е к п е ағаштар (гектар)	Жайылым (гектар)	Шабындық (гектар)	Барлық ауыл шаруашылық алқаптары (гектар)	Бөгде жерлер (гектар)
1	Шоқпар ауылдық округі	460,7520	14,2577			427,8343		442,0920	18,6600
2	Жаңақоғам ауылдық округі	1433,4310				1433,4310		1433,4310	
3	Ескі-Шу ауылдық округі	1,3170				1,3170		1,3170	
	Барлығы:	1895,5000	14,2577			1862,5823		1876,8400	18,6600